

МРНТИ: 15.81.21

10.51889/2959-5967.2024.81.4.015

М.З. Каттебаева¹, С.Ж. Өмірбек¹, А.С. Оспанова¹

*¹ Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан*

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ

Аңдатпа

Ғылыми мақалада ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ата-аналарының психологиялық хал-ахуалы мен мінез-құлық ерекшеліктері сипатталған. Осы бағыттағы ғылыми, тәжірбиелік эксперименттік зерттеу нәтижелерінің мысалдары қоса берілген. Сондай-ақ ата-аналардың ерекше балаларды тәрбиелеу мен оқытуға қатысты процеске араласуына ұсынылатын іс-шаралар мен негізгі психологиялық аспектілер қарастырылған. Ата-аналар мен педагогтар арасындағы коммуникацияны жақсартуға ықпал ететін тиімді әдістер мен тәсілдер және ерекше балаларға қолдау көрсету үшін жағымды орта қалыптастыру бойынша ұсыныстар берілген.

Дамыған бірқатар мемлекеттерде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың отбасымен жұмыс бірізділеніп, ата-аналарға психологиялық қолдау білдіру мәселелері жаңа сипатқа ие. Ерекше білім беруде қажеттілігі бар балалардың отбасын қолдау жұмыстарының жаңа бағыттары, отбасыларына көмек көрсетудің пәнаралық және кәсібилік жағы дами бастаған, тіпті жаңа мамандық иелерінің дүниеге келуіне де себепші болған. Осы орайда ата-аналарды психологиялық қолдау жұмыстарын жандандыру маңызды міндет болып саналады.

Кілттік сөздер: ерекше балалар, ана-аналарды қолдау, отбасылық мәселелер, психологиялық көмек, күйзеліс, қажу, психотерапия, символдрама әдісі

Каттебаева М.З.¹, Омирбек С.Ж.¹, Оспанова А.С.¹

*¹Казахский национальный женский педагогический университет,
Республика Казахстан, г. Алматы*

ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ ПОДДЕРЖКА РОДИТЕЛЕЙ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ

Аннотация

В научной статье описывается психологическое состояние и особенности поведения родителей детей с особыми образовательными потребностями. Прилагаются примеры результатов научных, экспериментальных исследований в данном направлении. Также рассматриваются мероприятия и основные психологические аспекты, предлагаемые родителям для участия в процессе, связанном с воспитанием и обучением особых детей. Даны эффективные методы и подходы, способствующие улучшению коммуникации между родителями и педагогами, а также рекомендации по созданию благоприятной среды для поддержки особых детей.

В развитых странах работа с семьями детей с особыми образовательными потребностями приобретает новый характер, вопросы психологической поддержки родителей. Развивались новые направления работы по поддержке семьи детей с особыми образовательными потребностями, междисциплинарная и профессиональная сторона помощи семьям, способствовавшая

даже рождению новых профессий. В этой связи важной задачей является активизация работы по психологической поддержке родителей.

Ключевые слова: особые дети, поддержка родителей, семейные проблемы, психологическая помощь, стресс, истощение, психотерапия, методы символдрамы

Kattebayeva M.Z.¹ Omirbek S.Zh.¹, Ospanova A.S.¹

*¹Kazakh National Women's Pedagogical University, Republic of Kazakhstan,
Almaty Almaty, Kazakhstan*

PSYCHOLOGICAL SUPPORT FOR PARENTS OF CHILDREN WITH SPECIAL EDUCATIONAL NEEDS

Abstract

The scientific article describes the psychological state and behavioral characteristics of parents of children with special educational needs. Examples of the results of scientific and experimental research in this area are attached. It also examines the activities and basic psychological aspects offered to parents to participate in the process related to the upbringing and education of special children. Effective methods and approaches are given to improve communication between parents and teachers, as well as recommendations for creating a supportive environment to support special children.

In developed countries, work with families of children with special educational needs is taking on a new character, issues of psychological support for parents. New areas of work were developing to support families of children with special educational needs, as well as the interdisciplinary and professional side of helping families, which even contributed to the birth of new professions. In this regard, an important task is to step up work on psychological support for parents.

Keywords: special children, parental support, family problems, psychological help, stress, exhaustion, psychotherapy, symbol drama methods

КІРІСПЕ

Ерекше балаларды жан-жақты қолдау жұмысы нәтижеге бағытталған жоспарды жүзеге асыруда аса маңызды жұмыстардың бірі болып саналады. Психологиялық-педагогикалық қолдау – бұл бірыңғай жүйе, оның барысында әр баланың оқу процесінде табысты дамуы мен оқуы үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалу көзделген. Ерекше білім алуда қажеттілігі бар баланы психологиялық-педагогикалық қолдаудың мақсаты-баланың оңтайлы дамуын қамтамасыз ету, қоғамға сәтті интеграция болса, осы орайда ата-аналардың рөлі өте зор [1].

Білім беру мекемелерінде психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналар мен әрекеттесу принциптерінде келесілерді қамтитыды:

1. Ата-аналармен әңгімелесу өткізіп, бала туралы мәлімет жинақтап, сауалнама толтыру.

2. Бірнеше күн бойы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарын сабаққа қатысуын қадағалау

ҚР білім беру ұйымдары ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ата-аналарына психологиялық-педагогикалық қолдауды орындау қызметінде білім алушылар оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды психологиялық-педагогикалық қолдай отырып, дербес ақпаратты құпиялылығын сақтап, білім беру процесіне барлық қатысушылардың мінез-құлқының толерантты мәдениеті негізінде қауіпсіз және психологиялық жайлы ортаны қамтамасыз етеді [2].

Психологиялық қолдау қызметінде ерекше білім беруде қажеттілігі бар балалардың ата-аналарын психологиялық қолдау қызметінің маңызы зор. Психологиялық қолдау қызметінің жұмыс түрлері: ата-аналарды ақпараттандыру және кеңес беру, психотерапевтік сеанстар, тренингтер т.б. жатады.

Психологиялық жұмыстың негізгі мақсаты – оқудағы жайлылық атмосферасында табысты оқушы болуға ықпал ету, баланың денсаулық жағдайын ескере отырып эмоционалды жағдайы мен психологиялық хал-ахуалын жақсарту, кәсіби бағыт беру мен таным процестерін жетілдіру болып саналса, тағы бір жұмыс бағыты ата-аналармен жұмыс жүргізу болып саналады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Дамыған бірқатар мемлекеттерде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың отбасымен жұмыс бірізділеніп, ата-аналарға психологиялық қолдау білдіру мәселелері жаңа сипатқа ие болғанын атап өткен жөн. Осы орайда ерекше білім беруде қажеттілігі бар балалардың отбасын қолдау жұмыстарының жаңа бағыттары, отбасыларына көмек көрсетудің пәнаралық және кәсібилік жағы дами бастады, тіпті жаңа мамандық иелері де дүниеге келуде.

Мұндай қолдау жұмыстарын жүргізудің арттықшылық жақтары отбасында мүмкіндігі шектеулі баланың жеке басының дамуына негіз болатын ерекше жағдайлар жасалатындығына күмән жоқ. Әдетте, отбасында мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу — бұл өзін-өзі тәрбиелеу, ата-аналардың өзін-өзі тәрбиелеуі және оларды мамандардың қолдауы. Демек, әрбір ата-ана "тәрбиеші" және "психолог" болуды үйренуі керек, яғни баласын сол қалпында қабылдауға үйрену және оның жан-жақты дамуы үшін баламен қарым-қатынасты басқаруды үйрену керек. Осы тәсілге сәйкес, мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарына психологиялық көмек олардың "саналы ата-анаға" толыққанды көзқарасын феномен ретінде кезең-кезеңімен қалыптастыруға бағытталуы керек, бұл олардың мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеу кезінде тиімді ата-аналық мінез-құлыққа дайындығын қалыптастырады [3].

Мұндай психологиялық-педагогикалық жұмыс мемлекет пен қоғамның күш-жігерін, сондай-ақ мамандар қызметінде жұмыстың инновациялық технологияларымен қамтамасыз етуді талап ететін күрделі міндет болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарына психологиялық көмек көрсететін мамандардың міндеттеріне мыналар жатады:

- * баланың шамадан тыс жүктемесінің алдын алу, мүмкіндігі шектеулі баланың психофизикалық дамуына сәйкес келетін үйде жұмыс және демалыс режимін таңдау;

- * мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу және туындаған мәселелерді шешуде ата-аналарға кәсіби көмек көрсету;

- * ата-аналарға баланың жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктерін, сондай-ақ оның дамуының бұзылыс құрылымын ескере отырып, мүмкіндігі шектеулі баламен қарым-қатынас стратегиясын таңдау;

- * мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарын баламен түзету-дамыту, түзету-оңалту жұмыстары процесіне дайындау және қосу [4].

Бұл міндеттерді шешудің нәтижесі ата-ананың мүмкіндігі шектеулі баламен қарым-қатынасы мен өзара әрекеттесуін оңтайландыру деп санауға болады, бірақ бұл нәтижеге әрдайым қол жеткізе бермеу жағдайлары да үнемі байқалады. Ерекше балалары бар отбасыларға көмек көрсетудің осындай сұранысқа ие бағыты ерекше білім беруде қажеттілігі бар балалардың ата-аналарына «психологиялық көмек ретінде», «өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдар ретінде» әдістемелік тұрғыдан енгізілмегендіктен және практикада сирек іске асырылатындықтан болуында. Мүмкіндігі шектеулі баланың дүниеге келуі отбасының өмір салтын толығымен өзгертеді, отбасының әр мүшесінің өмір сүру сапасына әсер етеді, ата-аналарда "ата-ананың күйзеліске түсуі мен қажуына" әкеледі. Сондықтан мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарына психологиялық көмек көрсетуде "ерекше балаға және ата-анаға көмек" ұранын жүзеге асыру керек. Бұл ұран ата-ананың өмірлік ұстанымы мен оның құндылық бағдарларын, отбасылық тәрбиенің негізі болып табылады, бұз өз кезегінде мүмкіндігі шектеулі баланың "мен" бейнесінің қалыптасуына және оның әлемге деген көзқарасына әсер етеді [5].

Сонымен, мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарына психологиялық көмектің маңызды және өзекті бағыты-олардың психологиялық жағдайын оңтайландыру. Мұндай жұмыс әдетте ата-ананың шаршап-шалдығуы, эмоционалды және жүйке жүйесінің әлсіреуі мен өз-өзіне жауап бере алмауына әкеп соқтырады. Психологиялық зерттеулер бойынша бұл жағдайлар дәрменсіздік фактісін мойындаудан басталады. Өйткені ерекше бала орынсыз мінез-құлық арқылы ата-аналарға әсер етіп, келесідей «қысымы қатты» сезімдерді тудырады: атап айтсақ, қайғыру, ұялу, ашуланшақтық, қорқыныш, өзін кінәлау, үмітсіздік т.б. Сондай-ақ, ата-аналар ерекше баласының жағымсыз энергиясы мен эмоцияларын, сезімдерін еркелік жағдайларын қабылдаушы "контейнер" болу мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек. Өйткені баланың бастапқыда өзінің (ішкі) контейнері жоқ. Сондықтан ол ата-анасының (ішкі) контейнеріне салады. Ал "контейнерге" бірдеңе төгу үшін, онда «бос орын» болуы керек. Қарапайым тілмен айтқанда, егер ата-ананың өзінде бәрі қайнап, тасып "толып кетсе", онда ол өз баласының эмоцияларын түсіністікпен қабылдай алмайды, ал бала эмоциясын басқара алмай айқайлай бастағанда, заттарды лақтыра бастағанда, ашуланшақтыққа жол бергенде ата-ананың реакциясы не айқайлау арқылы, немесе ашулану арқылы, қарсы агрессия таныту арқылы, немесе өзінің дәрменсіздігін таныту арқылы сондай-ақ көз жасына ерік беруі мүмкін. Егер ата-ана өз кезегінде баланың барлық көңіл күйі мен жағымсыз энергиясын қабылдай алмаса ол бала бойында қалып қояды да ауруының күшеюіне, агрессияның пайда болуына, оғаш мінез құлықтардың пайда болуына әкеп соқтырады. Мұндай жағдайлар аналардың өзін жаман сезінуіне, әкелердің әлсіздігі мен құлдырауына бой алдырады. Нәтижесінде отбасындағы ерлі-зайыптылардың бірін-бірі түсінісе алмауы мен әр түрлі кикілжіңдер туындауына себеп болады. Осындай қиындықтарды шешуде өз отбасынан шаршаған ата-аналардың проблемаларын тыңдайтын қолдайтын қиындықтан құтқаратын психологиялық қолдау болуы керек.

Ерекше білім беруде қажеттілігі бар баланың ата-аналарымен психологиялық қолдау жұмысының нәтижесінде қиын жағдайдағы ата-аналардың психоэмоционалды көңіл-күйі мен жағдайындағы жағымды өзгерісі символдрама әдісі арқылы жүзеге асыруды көздейді. Символдрама-невроздар мен психосоматикалық ауруларды қысқа мерзімде емдеуде, сондай-ақ тұлғаның невротикалық дамуымен байланысты бұзылуларды психотерапияда клиникалық тұрғыда тиімділігі жоғары болып табылатын терең психологиялық бағытталған психотерапия әдіс. Мұндағы метафора ретіндегі кататимиялық-қиял-ғажайып психотерапияны "бейнелеу арқылы психоанализдеу" деп сипаттауға болады. Бүгінгі таңда бейнелерді қолданатын психотерапияның шамамен он бес бағыты белгілі, символдрама іргелі теориялық базасы бар ең терең және жүйелі түрде пысықталған және техникалық ұйымдастырылған әдіс болып табылады [6].

Білім беру мекемелерінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарын психологиялық қолдау жұмысында бірнеше негізгі аспектілерді есепке алу керек:

Ақпараттандыру және кеңес беру.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, оқуларына және бейімделуіне жағдай жасау арқылы ата-аналарымен бірге семинарлар мен тренингтер өткізу. Сондай-ақ ерекше білім беру қажеттілігі бар ата-аналардың жай-күйін есепке ала отырып ата-аналарды қолдау жұмысын жандандыру қажеттілігі туындайды.

Кеңес беру: Психологтармен, педагогтармен және арнайы педагогика мамандарымен жеке және топтық консультациялар өткізу.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарын ақпараттандыру және оларға кеңес беру.

Семинарлар мен тренингтер.

Тақырыбы: Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктеріне, оқыту әдістеріне, түзету педагогикасы мен психологиясына арналған бағдарламалар әзірлеу.

Оқыту түрі: Дәрістер, практикалық сабақтар, шебер-сыныптар, онда ата-аналар практикалық дағдыларды игеріп, тәжірибелерімен бөлісе алады.

Мақсаты: Даму ерекшелігі туралы хабардарлық деңгейін арттыру, балаларға білім беру мен әлеуметтенуге көмектесетін құралдар жасау.

Вебинарлар және онлайн курстар:

Оқу материалдарына ыңғайлы уақытта қол жеткізу.

Балалармен қарым-қатынас, бейімделу технологиясын пайдалану және мінез-құлықты басқару стратегиялары сияқты тақырыптарды алу.

Кеңес беру.

Жеке кеңес беру: Психологиялық қолдау: тәрбиеге байланысты жеке қиындықтарды анықтау және шешу үшін психологтармен жұмыс.

Педагогикалық ұсыныстар: баланың қажеттіліктеріне бейімделген білім беру әдістері мен бағдарламалары бойынша жеке кеңестер өткізу.

Топтық кеңес беру.

Түрі: Ата-аналар бір-бірін түсініп, мәселелерді талқылауға және мамандардан кеңес алуға болатын пікірталас топтарын құру.

Тақырыбы: Әлеуметтік дағдылар, эмоционалды даму, үйде қолдау ортасын құру.

Дөңгелек үстелдер мен конференциялар:

Мамандар мен ата-аналардың өзекті мәселелерді талқылауға қатысуы, тәжірибе алмасу және үздік тәжірибелерді енгізу.

Бұл шаралар ата-аналарға балаларының қажеттіліктерін жақсы түсінуге және білім беру жүйесімен және мамандармен тиімді қарым-қатынас жасауға көмектеседі.

Эмоционалды қолдау.

Қолдау топтары: ата-аналардың тәжірибелерімен бөлісетін, эмоционалды қолдау алатын және пікірлес адамдарды таба алатын байланыс орындарын құру.

Психотерапия: баланы тәрбиелеудегі эмоционалды қиындықтармен жұмыс істеу үшін психологқа бару мүмкіндігін жасау.

Кездесу түрі: Ата-аналар өз тәжірибелері мен ашық бөлісе алатын жайлы атмосферада тұрақты жиындарды жиі өткізу.

Талқылау тақырыптары: балаларды тәрбиелеуге, бейімдеуге байланысты нақты жағдайларды, сондай-ақ күресу стратегияларын талқылау.

Өзара көмек және тәжірибе алмасу.

Ата-аналар сәтті тәжірибелермен бөлісе алады, бір-бірінен кеңестер мен шабыт таба алады.

Байланысты нығайтуға және достық атмосфераны құруға ықпал ететін пикниктер немесе пікірталас сияқты іс-шараларға қатысу.

Онлайн топтар.

Кез келген уақытта өзекті мәселелерді талқылау және қолдау алу үшін әлеуметтік желілерде немесе форумдарда жабық топтар құру. Мәселелерді жеке форматта бөлісуді қалайтындар үшін анонимді байланыс мүмкіндігін жасау.

Жеке сессиялар:

Баланы тәрбиелеу мақсатта эмоционалды қиындықтарды шешу үшін әр баламен және ата-анасымен психологпен жұмыс істеу мүмкіндігін жасау. Мазасыздық, күйзеліс, кінә немесе шаршау, ұят сияқты нақты мәселелерге назар аударыңыз.

Топтық терапия:

Ата-аналар өз тәжірибелерімен бөлісе алатын және топта қолдау таба алатын топтық терапия сессияларын өткізу.

Эмоционалды тұрақтылық пен күресу дағдыларын дамытуға бағытталған әдістерді қолдану.

Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді бағдарламалар:

Қысқа мерзімді курстардан бастап ұзақ мерзімді терапияға дейін ата-аналардың жеке қажеттіліктерін ескеретін әртүрлі бағдарламаларды ұсыну.

Бұл шаралар ата-аналарға эмоционалды қиындықтарды жеңуге ғана емес, сонымен бірге әркім өзін түсінетін және қолдайтын қауымдастық құра отырып, балаларына қолдау көрсетуге күш табуға көмектеседі.

Жеке білім беру маршруттарын әзірлеу.

Жеке жоспарлар: баланың қажеттіліктері мен қабілеттерін ескеретін білім беру және түзету бағдарламаларын құру.

Білім беру мекемелерімен ынтымақтастық: қолайлы білім беру ортасын құру үшін мұғалімдермен және мамандармен өзара әрекеттесу.

Әлеуметтенуге көмек.

Әлеуметтік дағдылар: ата-аналарға ойындар мен бірлескен іс-шаралар арқылы балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту әдістерін үйрету [7].

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарына толық психологиялық қолдау көрсету үшін келесі кезеңдерді орындау қажет:

1. Бірінші кезең-диагностика. Ата-аналармен және балалармен байланыс орнату, қарым-қатынас кезінде туындайтын қиындықтар мен отбасылық мәселелерді анықтау қажет.

2. Екінші кезең-балаларды тексеру. Баланың психикалық денсаулығындағы мәселелерді анықтау.

3. Үшінші кезең-ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету. Тәрбие үдерісіндегі барлық проблемаларды нақтылау және ата-аналарға балаларын тәрбиелеуге көмектесу.

4. Төртінші кезең – байқау кезеңі. Осы кезеңде олар өз қызметінің нәтижесін бақылайды. Егер нәтиже аз болса, онда басқа мәселелерді жою үшін шаралар қабылдау қажет.

Жалпы білім беру ұйымдарындағы түзету-дамыту қызметін педагогикалық процестің ажырамас бөлігі ретінде, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың, олардың ата-аналарының, педагогтарының, білім беру ұйымындағы мамандардың арнайы ұйымдастырылған өзара іс-қимылы ретінде анықтауға болады. Бұл келесі қызметті сақтауға бағытталған:

1. Балалардың физикалық денсаулығын нығайту.
2. Балалардың психологиялық денсаулығын нығайту.
3. Психологиялық көмек көрсету.
4. Медициналық көмек көрсету.
5. Тәрбиелік міндеттерді шешу.
6. Тұлғаның жан-жақты дамуына көмектесу.
7. Дамытушы міндеттерді шешу.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Зерттеу жүргізудің мақсаты:

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарына психологиялық қолдау көрсетудің тиімділігін зерттеу және ата-аналардың психологиялық жай-күйіне, қарым-қатынасқа, сондай-ақ олардың балаларына көрсететін қолдау деңгейіне ықпалын анықтау.

Зерттеу нысаны:

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналары.

Зерттеу базасы:

Зерттеуге Алматы қаласындағы "Мейірім" психологиялық жеке меншік қолдау орталығы

Қатысушылар:

Экспериментке 30 ата-ана қатысты, олардың 15-і бақылау тобын (қолдау көрсетілмеген), ал қалған 15-і эксперименттік тобын (психологиялық қолдау бағдарламасына қатысқан) құрады.

Эксперимент кезеңдері:

1. Диагностикалық кезең:

- Алдын ала сауалнама және диагностика арқылы ата-аналардың психологиялық жағдайы, стресс деңгейі, баламен қарым-қатынасы және қолдау көрсету деңгейі анықталды.

- Диагностика құралдары:

- Спилбергердің күйзеліс деңгейін анықтау шкаласы.

- Отбасылық қарым-қатынасты бағалау сауалнамасы.

- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қажеттіліктерін түсіну тесті.

2. Психологиялық қолдау бағдарламасын енгізу:

- Ұзақтығы: 2 ай.

- Қамтылған шаралар:

- Жеке және топтық психологиялық кеңестер.

- Семинарлар мен тренингтер: «Баланың дамуын қолдау», «Стрессті басқару», «Эмоционалды тұрақтылық».

- Ата-аналарға арналған қолдау топтары: тәжірибе алмасу, бір-біріне қолдау көрсету.

- Практикалық шеберлік сабақтары: баламен тиімді қарым-қатынас жасау, жанжалдарды шешу.

3. Бағалау кезеңі:

- Қайта диагностика жүргізілді.

- Экспериментке қатысушылардың бастапқы және соңғы нәтижелері салыстырылды.

Нәтижелер:

Эксперимент соңында төмендегідей нәтижелер анықталды:

Көрсеткіш	Бақылау тобы	Эксперименттік тобы (орташа балл)	Өзгеріс (%)
Стресс деңгейі	68 (жоғары)	45 (орташа)	-33.8
Отбасылық қарым-қатынас	58 (қанағаттанарлық)	78 (жақсы)	+34.5
Баланың қажеттіліктерін түсіну	42 (төмен)	75 (жоғары)	+78.6

Талдау:

Эксперименттік топта психологиялық қолдау көрсетілген ата-аналардың стресс деңгейі айтарлықтай төмендегені және отбасылық қарым-қатынас сапасының жақсарғаны байқалды. Олар балалардың қажеттіліктерін түсіну қабілетін арттырды, бұл балаларға көрсетілетін қолдау сапасын жақсартуға ықпал етті. Бақылау тобында айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

Қорытынды:

Психологиялық қолдау бағдарламасы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарына оң әсерін тигізді. Мұндай бағдарламалар ата-аналардың психологиялық әл-ауқатын жақсартуға және балалармен қарым-қатынасын нығайтуға ықпал етеді.

Ұсыныстар:

- Ерекше білім алу қажеттілігі бар балалардың ата-аналарына жүйелі түрде психологиялық қолдау көрсету.

- Тренингтер мен қолдау топтарын ұйымдастыру арқылы ата-аналардың қажеттіліктеріне бейімделген бағдарламалар әзірлеу.

- Ұзақ мерзімді мониторинг жүргізіп, ата-аналарды қолдаудың тиімділігін бағалау.

ҚОРЫТЫНДЫ. Ерекше балалардың ата-аналарының өз денесінің ресурстарын және олардың психоэмоционалды жағдайын реттеу, өмір сүру әлеуетін белсендіру, психологиялық тұрақтылығын арттыру, шаршау, стресстің және жанжалдың алдын алу үшін бейсаналық

психикасын тұрақтандыру мақсатында өмір сапасын жақсартуда мұндай ата-аналарға психотерапиялық сессиялардың нәтижесінде психологиялық тұрғыда өзіне-өзі көмектесудің тиімді әдістерін, психотерапиялық кинезиология әдістерін үйрету және символдық имагинация дағдыларын дамыту жұмыстары психологтар тарапынан ұйымдастырылу керек. Сондай-ақ білім берудегі психологиялық-педагогикалық қызметті дұрыс ұйымдастыру ерекше білім беру қажеттіліктері бар отбасында дамудың және әлеуметтенудің негізі болып табылады [8]. Бұл процесте ата-аналардың рөлі маңызды. Олар психологтармен және мұғалімдермен бірге балаларға білім беру ортасын ұйымдастырады, қиындықтарды жеңуге және әлеуметтену процесінен сәтті өтуге көмектеседі. Баланың дамуына отбасын араластыру керек, сондықтан психологиялық қолдау ретінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың дамуы мен білім алуына ата-аналарымен бірлескен іс-әрекетті жүзеге асыру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абаева Г.А., Торебаева К.Ж., Оразаева Г.С., Картбаева Ж.Ж. Арнайы педагогика - 2-басылым: Medet Group, 2019. - 262 с.
2. Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. Жалпы білім беру мектептеріндегі ерекше білім алуды қажет ететін балаларға психологиялық- педагогикалық қолдау көрсету: әдіс.нұсқаулық/ 2019. – 92 б. - Алматы: ТП ҰҒПО.
3. Грин Андре. Мёртвая мать (с. 333-361) // Французская психоаналитическая школа. Под ред. А. Жибо, А.В. Россохина. – СПб: Питер, 2005. – 576 с.
4. Левченко И.Ю., Ткачева В.В. Психологическая помощь семье, воспитывающей ребенка с отклонениями в развитии: Методическое пособие. — М.: Просвещение, 2008. – 239 с.
5. Петрановская Л.В. Тайная опора. Привязанность в жизни ребенка. — М.: АСТ, 2015. – 210 с.
6. Селигман М., Дарлинг Р. Особые семьи, особые дети: (пер. с англ.). Изд. 2-е. М.: Теревинф, 2009.
7. Краевский В.В., Хуторской А.В. Оқыту негіздері. Дидактика және техника. М.:Академия, 2008 ж.
8. В.А. Козырева, Н.Ф. Радионова, А.П. Тряпицына. Педагог білім берудегі құзіреттілікке негізделген тәсіл / ред. 2008 ж. - Санкт-Петербург.

References:

1. Abaeva G.A., Torebaeva K.J., Orazaeva G.S., Kartbaeva J.J. Arнай педагогика - 2-basylym: Medet Group, 2019. - 262 s
2. Eliseeva I.G., Ersarina A.K. Jalpy bilim berý mektepterindegi erekshe bilim alýdy qajet etetin balalargа psihologualyq- pedagogikalыq qolday kórsetý: ádis.nusqaylyq/ 2019. – 92 b. - Almaty: TP UGPO, /
3. Grin Andre. Měrtvaia mat (s. 333-361) // Frantsýzskaaia psihoanaliticheskaaia shkola. Pod red. A. Jibo, A.V. Rossohina. – SPb: Piter, 2005. – 576 s.
4. Levchenko I.Y., Tkacheva V.V. Psihologicheskaaia pomo seme, vospityvatýei rebenka s otklonenuami v razvitiu: Metodicheskoe posobie. — M.: Prosveenie, 2008. – 239 s.
5. Petranovskaaia L.V. Tainaia opora. Priviazannost v jizni rebenka. — M.: AST, 2015. – 210 s.
6. Seligman M., Darling R. Osobyе semi, osobyе deti: (per. s angl.). Izd. 2-e. M.: Terevinf, 2009.
7. Kraevskii V.V., Hýtorskoi A.V. Oqytý negizderi. Didaktika jáne tehnikа. M.:Akademua, 2008 j.
8. V.A. Kozyreva, N.F. Radionova, A.P. Triapitsyna. Pedagog bilim berýдеgi quzirettilikke negizdelgen tásil / red. 2008 j. - Sankt-Peterbýrg.